

Ақкөл ауданында мұқтаждық көруші жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 наурыздағы № С27-3 шешімі. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 сәуірде № 1-3-136 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 мамырдағы № С 38-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2011.05.23 № С 38-4 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Ақкөл ауданы әкімінің ұсынысы негізінде Ақкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ақкөл ауданында тұрақты тұратын келесі санаттағы мұқтаждық көруші азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) отбасының (азаматтың) кірістеріне байланыспай, анықталған жағдайларға қарай жедел әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға (азаматтарға), өтініш б о й ы н ш а :

- кәмелеттік жасқа толмаған балаларды және жұмыссыз азаматтарды жерлеуге он айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде;

- туберкулезбен ауратындарға қосымша тамаққа, емге немесе кеңес алуға жолына, жылына бір рет он айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде;

- отбасыларға (азаматтарға) төтенше жағдайларда (өрт, су басқаны, басқа дүлей апат) – комиссияның қорытындысы негізінде біржолғы елу айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде;

- онкологиялық аурулармен ауыратындарға дәрігерлік кеңестік комиссиясының анықтамасы негізінде операциялық емдеуден кейінгі кезең уақытына он айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде;

2) атаулы әлеуметтік көмек алушылар есебінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тамақ өнімдерінің бағасы өсуіне байланысты, өтініш берусіз 0,5 айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде;

3) селолық елді мекендерде тұратын аз қамтылған отбасылардың және көп балалы отбасылардың, колледждерде күндізгі оқу формасы бойынша оқитын студенттеріне, оқу бағасының мөлшерінде оқуы үшін төлем жасауға нотариалды

расталған білім беру мекемесімен жасасқан келісім шарт көшірмесінің және оқу орнынан берілген анықтама негізінде;

4) қалалық мекенінде тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектерге және Ұлы Отан соғыс жылдары тылда мінсіздік әскери қызмет және қайсарлы қызмет үшін бұрынғы КСРО медальдармен және ордендармен марапатталған азаматтарға қалалық көлікте жүруге жылына бір рет, екі айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде, өтініш берусіз зейнетақы төлеу бойынша Мемлекеттік орталығының тізімдері негізінде;

- Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектерге коммуналдық қызметті өтеуге айсайын 2,5 айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде;

5) бұрынғы кәмелеттік жасқа толмаған фашистік концлагерь, гетто және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистермен және олардың одақтастармен құрылған басқа орындарда мәжбүр ұстаған тұтқындарға коммуналдық қызметті өтеуге айсайын бір айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде, өтініш берусіз зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталығының тізімдері негізінде;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектерге Жеңіс Күніне 20 мың теңге мөлшерінде, өтініш берусіз зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталығының тізімдері негізінде;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектерге 2 мың теңге және 70 жылдан үлкен зейнеткерлерге 1 мың теңге мөлшерінде Халықаралық карт адамдар Күніне, мүгедектерге 1 мың теңге мөлшерінде мүгедектер Күніне өтініш берусіз зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталығының тізімдері негізінде .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2010.11.08 № С 33-3 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) ш е ш і м і м е н

2. Уәкілеттік органға – «Ақкөл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жоғарыда көрсетілген санаттарға әлеуметтік көмекті тағайындауды және төлеуді қамтамасыз етсін.

3. Әлеуметтік төлемдер 451007 «Жергілік өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаждық көруші жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек» бағдарлама бойынша бөлінген қаражат шегінде, «Қазпошта» Акционерлік қоғамында алушының жеке шотына аудару жолымен іске асырылады.

4. Аудандық мәслихатының 2009 жылдың 21 желтоқсандағы № С 25-2 « Мұқтаждық көруші жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-3-130 тіркелген, 2010 жылдың 12 ақпанда «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КЗ» аудан газеттерде жарияланған) шешімнің күші жойылған деп танылсын.

5. Осы шешім Ақкөл ауданы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден

өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | | |
|------------------------------|----------------------|-----------------|
| <i>сессиясының төрайымы</i> | <i>Аудандық</i> | <i>мәслихат</i> |
| | <i>Д.Салыбекова</i> | |
| <i>хатшысы</i> | <i>Аудандық</i> | <i>мәслихат</i> |
| <i>«КЕЛІСІЛДІ»</i> | <i>Ю.Ужакин</i> | |
| <i>Ақкөл ауданының әкімі</i> | <i>А.С.Үйсiмбаев</i> | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК